**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 405 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 405 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 92-жолдың 3-бағанындағы "ЖҮАҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 123-27 және 123-29-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 123-33-жолдың 3-бағанындағы "ЖАҚ" деген аббревиатура "ЖШС" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 123-102, 123-103 және 123-104-жолдармен

толықтырылсын:

"123-102. "Көркемсурет көрмелері және аукциондар дирекциясы" ЖШС

123-103. "Мәдени саясат және өнертану институты" ЖШС

123-104. "Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты" ЖШС.";

"Қарағанды облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 214-2-жолдың 3-бағанындағы "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті" деген бөлімде:

тақырыбындағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 224-6-жолдың 3-бағанындағы "ЖАҚ" деген аббревиатура "ЖШС" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 224-7-жолдың 3-бағанындағы "ААҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 224-19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"224-19 "Қазақстан телекоммуникациясы" АҚ";

реттік нөмірі 224-25-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті" деген бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

224-26 "Қазақ әуендері" АҚ

224-27 "Көркемсурет көрмелері және аукциондар дирекциясы" ЖШС

224-28 "Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты" ЖШС

224-29 "Мәдени саясат және өнертану институты" ЖШС".

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тіл комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 103 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 6, 53-құжат) :

тақырыбындағы және 1-тармақтағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және

ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті туралы ережеде:

тақырыбындағы және мәтіндегі ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитетінің құрылымында:

тақырыбындағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

тақырыбындағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК